

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы,
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат
тел.: 72-05-17, факс: 72-05-16
2023 жылғы _____
№ _____

010000, город Астана,
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31
тел.: 72-05-17, факс: 72-05-16
« _____ » _____ 2023 г.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ
А. Т. ПЕРУАШЕВҚА**

*2023 жылғы 21 сәуірдегі №ДЗ-88
депутаттық сұранымға*

ҚР Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі-СІМ) жоғарыда аталған депутаттық сұранымды өз құзыреті шегінде қарап, мынаны хабарлайды.

ҚР Президентінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығына сәйкес инвестициялық саясатты қалыптастыру ҚР Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – ҰЭМ) құзыретіне берілді, ал инвестициялық саясатты іске асыру жөніндегі функция СІМ жанында қалды.

Осыған байланысты, аталған мәселені жан-жақты қарау мақсатында ҚР СІМ Инвестициялар комитеті а. ж. 5 мамырдағы № 10-10/521 – И хатымен ҰЭМ мен ҚР Қаржы министрлігіне (бұдан әрі-Қаржымині) тиісті сұрау жолдады.

ҰЭМ а. ж. 16 мамырдағы №04-23/6068 хатымен (қоса беріледі) салық жеңілдіктерін қолдану мақсатында инвестициялар бойынша шектерді төмендету жөніндегі ұсынысты қолдау мүмкін еместігі туралы хабарлайды, сондай-ақ орта бизнес субъектілері үшін қайта инвестициялауға жіберілетін пайданы салықтан босату жөніндегі ұсыныс ҚР жаңа Салық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының талқылауында бар екенін ескертті.

Бүгінгі күні Қаржыминінің аталған сұраныс бойынша ұстанымы ұсынылмағанын атап өтеміз.

Нәтижесі қосымша хабарланады.

Қосымша: мемлекеттік органның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі хатының көшірмесі-8 парақта.

**МИНИСТРДІҢ
МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ**

Қ. ОМАРОВ

*Орын. Г.Әбілғазиева
Тел. 8(7172)983-678, 8 776-885-6153
e-mail: g.abulgaziyeva@mfa.gov.kz*

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы,
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат
тел.: 72-05-17, факс: 72-05-16
2023 жылғы _____
№ _____

010000, город Астана,
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31
тел.: 72-05-17, факс: 72-05-16
« _____ » _____ 2023 г.

**ДЕПУТАТУ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПЕРУАШЕВУ А. Т.**

*На депутатский запрос
от 21 апреля 2023 года №ДЗ-88*

Министерство иностранных дел РК (*далее – МИД*), рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос, в пределах своей компетенций, сообщает следующее.

В соответствии с Указом Президента РК от 26 декабря 2018 года № 806 формирование инвестиционной политики было передано в компетенцию Министерства национальной экономики РК (*далее – МНЭ*), а функция по реализации инвестиционной политики осталась при МИДе.

В этой связи, в целях всестороннего рассмотрения данного вопроса Комитетом по инвестициям МИД РК направлен соответствующий запрос письмом от 5 мая т.г. № 10-10/521-И в МНЭ и Министерство финансов РК (*далее – МФ*).

МНЭ письмом от 16 мая т.г. №04-23/6068 (*прилагается*) сообщает о невозможности поддержания предложения по снижению порогов по инвестициям в целях применения налоговых льгот, а также предложение по освобождению от налога прибыли, направляемой на реинвестиции для субъектов среднего бизнеса, находится на обсуждении у Рабочей группы по разработке нового Налогового кодекса РК.

Отмечаем, что на сегодняшний день позиция МФ по данному запросу не представлена.

Результаты будут сообщены дополнительно.

Приложение: копия письма государственного органа на государственном и русском языках - 8 листах.

**ИСПОЛНЯЮЩИЙ
ОБЯЗАННОСТИ МИНИСТРА**

К. УМАРОВ



010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24
e-mail: info@economy.gov.kz

010000, город Астана, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-24
e-mail: info@economy.gov.kz

Исх. № 04-23/6068 от 16.05.2023, Вход № 769 от 16.05.2023

№

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Инвестиция комитеті

2023 жылғы 5 мамырдағы
№ 10-10/521-И

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Мәжіліс Парламентінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі №ДЗ-88 депутаттық сұрау салуын қарастырып, мынаны хабарлайды.

Салықтық жеңілдіктерді қолдану мақсатында инвестициялар бойынша шекті мәнді төмендетуге қатысты

Салықтық жеңілдіктерді қолдану мақсатында инвестициялар бойынша шекті мәнді төмендетуге қатысты іске асырылуы жеңілдіктер беруді көздейтін басым жобалар үшін шекті мән мөлшері инвестициялардың үлкен көлемін тартуды ескере отырып айқындалғанын және әдетте өтелу мерзімі ұзағырақ ірі жобалармен байланысты екенін атап өтеміз.

Сонымен қатар, шекті мәнді едәуір төмендету туралы ұсыныс салық жеңілдіктерін қолданатын тұлғалар тобының кеңеюіне әкеледі, бұл жергілікті бюджет түсімдерінің қысқаруына әсерін туғызады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті ынталандыру үшін салық салудың жеңілдікті режимі қолданылатын АЭА аумақтарында қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі, преференциялар объектілерінің құнын және (немесе) реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған кейінгі шығыстарды шегерімге жатқызу түрінде инвестициялық салық преференцияларын қолдану мүмкіндігі көзделгенін атап өтеміз.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті қолдауды көздейтін кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға бағытталған салықтық жеңілдіктер мен преференциялар анағұлым ашық салық жүйесі және кең спектрі жұмыс істейтінін атап өтеміз.

Таким образом, предложение по снижению порогов по инвестициям не поддерживается.

Осылайша, инвестициялар бойынша шекті мәнді төмендету туралы ұсынысқа қолдау таппайды.

Қайта инвестициялауға жіберілетін пайданы салықтан босатуға қатысты

Мемлекет басшысы технологиялық жаңғырту мен ғылыми әзірлемелерге бағытталған пайдадан корпоративтік табыс салығын (КТС) төмендету немесе одан босату тетігін енгізу қажеттігін атап өтті.

Қолданыстағы заңнамада пайданы қайта инвестициялау кезінде КТС-тен босату көзделген.

Бұл норма өңдеу өнеркәсібіндегі шағын бизнес субъектілеріне ғана қатысты.

Бүгінгі таңда жаңа Салық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы шеңберінде осы норманы орта бизнес субъектілеріне қолдану мәселесі талқылануда.

Сонымен бірге, жаңа Салық кодексінің жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу мерзімі - 2023 жылғы желтоқсан, Салық кодексін қабылдау - 2024 жылғы қазан екендігін хабарлаймыз.

Вице-министр

А. Әбдікәрімов

✉ *Аташбеков Р.Е.*
☎ 8(7172)-74-37-98
✉ r.atashbekov@economy.gov.kz



010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24
e-mail: info@economy.gov.kz

010000, город Астана, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-24
e-mail: info@economy.gov.kz

Исх. № 04-23/6068 от 16.05.2023, Вход № 769 от 16.05.2023

№

**Комитет по инвестициям
Министерства иностранных
дел Республики Казахстан**

*На № 10-10/521-И
от 5 мая 2023 года*

Министерство национальной экономики РК, рассмотрев депутатский запрос Мажилиса Парламента от 21 апреля 2023 года №ДЗ-88, сообщает следующее.

Касательно снижения порогов по инвестициям в целях применения налоговых льгот

В отношении снижения порогов по инвестициям в целях применения налоговых льгот отмечаем, что размеры порогов для приоритетных проектов, реализация которых предполагает предоставление льгот, определены с учетом привлечения большего объема инвестиций и связаны с крупными проектами, у которых, как правило, большой срок окупаемости.

Кроме того, предложение по значительному снижению порога приведет к расширению круга лиц, применяющих налоговые льготы, что сопряжено с сокращением поступлений местных бюджетов.

Вместе с этим отмечаем, что для стимулирования предпринимательской деятельности, предусмотрена возможность по осуществлению деятельности на территориях СЭЗ, на которых действует льготный режим налогообложения, возможность применения инвестиционных налоговых преференций в виде отнесения на вычеты стоимости объектов преференций и (или) последующих расходов на реконструкцию, модернизацию.

Также отмечаем, что в настоящее время в Республике Казахстан действует достаточно лояльная налоговая система и широкий спектр налоговых льгот и преференций, направленных на стимулирование предпринимательской деятельности, предусматривающий поддержку малого и среднего бизнеса.

Таким образом, предложение по снижению порогов по инвестициям не поддерживается.

Касательно освобождения от налога прибыли, направляемой на реинвестиции

Глава государства отметил необходимость внедрения механизма снижения или освобождения от корпоративного подоходного налога (КПН) с прибыли, направленной на технологическую модернизацию и научные разработки.

Действующим законодательством предусмотрено освобождение от КПП при реинвестировании прибыли.




Эта норма распространяется только на субъекты малого бизнеса в обрабатывающей промышленности.

На сегодня в рамках Рабочей группы по разработке нового Налогового кодекса обсуждается вопрос распространение данной нормы на субъекты среднего бизнеса.

Вместе с тем, сообщаем, что срок внесения проекта нового Налогового кодекса в Мажилис Парламента – декабрь 2023 года, принятие Налогового кодекса – октябрь 2024 года.

Вице-министр

А. Абдикаримов

 *Аташбеков Р.Е.*
 8(7172)-74-37-98
 r.atashbekov@economy.gov.kz



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 12 мамыр № 24-1-26/168-шқ
Астана қаласы

город Астана

Министрдің міндеттерін атқару туралы

2023 жылғы 17 – 19 мамыр кезеңінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына (Сиань қаласы) мемлекеттік сапарына орай жол жүруіме байланысты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 38-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

2023 жылғы 17 – 19 мамыр кезеңінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндеттерін уақытша атқару Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Қайрат Ермеқұлы Омаровқа жүктелсін.

Министр

М. Нұртілеу



М. Нұртілеу